

Д.Қ. Жекенов^{1*} , С.Т. Джакубаева¹ , М.С. Сарыбаев² ,
Р.Е. Уткелбай¹ , К. Жетписбаева¹ 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

ДІНИ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ МЕН ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Ауғаныстандағы соңғы оқиғалардан кейін Орталық Азия елдері де басқа елдер сияқты сыртқы саясатын өзгертуге мәжбүр болды. Ауғаныстандағы тәліптердің билікті басып алуы аймақтағы қазіргі жағдайға әсер етпей қоймады. Бір жағынан Орталық Азия аймағында бірқатар жергілікті проблемалар болса, екінші жағынан ықпалды ойыншылар үшін күрес алаңы болып табылады. Қытай аймақтағы ықпалын барлық салада арттыруды көздесе, Ресей аймақтағы әлсіреген ықпалын қалпына келтіру үшін аймақтағы жаңа геосаяси ойындарды пайдаланбақ. Осыған байланысты Орталық Азия елдері Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасы сияқты өздеріне көршілес елдермен аймақтағы өзара қарым-қатынастар үшін жаңа бірлескен жауапкершілікті анықтауы қажет. Мақаланың негізгі мақсаты – Қытай мен Орталық Азия елдері арасындағы діни қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың қиындықтары мен ортақ мүдделерін анықтау және одан әрі дамытудың өзара тиімді тұжырымдамаларын белгілеу.

Қытай Халық Республикасы үшін Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты сақтау өте маңызды. Аймақтағы тұрақтылықты сақтау тек экономикалық мүдде тұрғысынан ғана емес, мемлекеттің ішкі тыныштығын бұзбау үшін де қажет. Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданында мұсылман халықтарының болуы, оның ішінде орталық билікке қарсы оппозицияның болуы, оның ықпал ету аймағына тым жақын Ауғаныстан Ислам мемлекетінің құрылуы, сонымен қатар олардың тарихи, этникалық және ең бастысы, діни бірлігі Қытай үшін маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Қытай басшылары Орталық Азия аймағын діни экстремизм мен радикалды ағымдардың өз аумағына енуіне жол бермеу үшін қалқан «буфер» ретінде пайдаланбақ. Бұл екіжақты қарым-қатынаста да, Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясындағы көпжақты қарым-қатынаста да діни қауіпсіздік саласындағы басты мақсаттардың бірі.

Түйін сөздер: Орталық Азия, Қытай, қауіпсіздік, діни экстремизм және Ауғаныстан.

D. Zhekenov^{1*}, S. Jakubayeva¹, M. Sarybayev², R. Utkelbay¹, K. Zhetpisbayeva¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

Cooperation between China and Central Asian countries in the field of religious security

After the recent events in Afghanistan, the Central Asian countries, as well as other countries, had to change their foreign policy. The seizure of power by the Taliban in Afghanistan affected the current situation in the region. On the one hand, the Central Asian region has a number of local problems, and on the other hand, it is a battleground for influential players. While China seeks to increase its influence in the region in all areas, Russia intends to use new geopolitical games in the region to restore its weakening influence in the region. In this regard, the Central Asian countries need to define a new joint responsibility for mutual relations in the region with countries familiar to them, such as the Russian Federation or the People's Republic of China. The main purpose of the article is to identify the difficulties and common interests of cooperation between China and the Central Asian countries in the field of religious security and to outline mutually beneficial concepts for further development.

It is very important for the People's Republic of China to maintain security and stability in the Central Asian region. Maintaining stability in the region is necessary not only from the point of view of economic interests, but also in order not to disrupt the internal peace of the state. The presence of Muslim peoples in Xinjiang Uygur Autonomous Region, including unresolved opposition to the central government, the creation of the Islamic State of Afghanistan too close to its sphere of influence, as well as their historical, ethnic and, most importantly, religious unity is one of the key problems for China. Chinese leaders intend

to use the Central Asian region as a «buffer» to prevent the penetration of religious extremism and radical movements into their territory. This is one of the main goals in the field of religious security in both bilateral relations and multilateral relations within the framework of the Shanghai Cooperation Organization.

Key words: Central Asia, China, security, religious extremism and Afghanistan.

¹Д.Қ. Жекенов*, ¹С.Т. Джакубаева, ²М.С. Сарыбаев, ¹Р.Е. Уткелбай, ¹К. Жетписбаева

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: duman.zhekenov@gmail.com

Сотрудничество Китая и стран Центральной Азии в области религиозной безопасности

После последних событий в Афганистане странам Центральной Азии, а также другим странам пришлось изменить свою внешнюю политику. Захват власти талибами в Афганистане не могло не повлиять на нынешнюю ситуацию в регионе. С одной стороны, центральноазиатский регион имеет ряд локальных проблем, а с другой стороны, является полем битвы влиятельных игроков. В то время как Китай стремится усилить свое влияние в регионе во всех сферах, Россия намерена использовать новые геополитические игры в регионе, чтобы восстановить свое ослабляющее влияние в регионе. В этой связи центральноазиатским странам необходимо определить новую совместную ответственность за взаимоотношения в регионе с ближайшими им странами, такими как Российская Федерация или Китайская Народная Республика. Основная цель статьи – выявить трудности и общие интересы сотрудничества Китая и стран Центральной Азии в области религиозной безопасности и обозначить взаимовыгодные концепции для дальнейшего развития.

Для Китайской Народной Республики очень важно поддерживать безопасность и стабильность в центральноазиатском регионе. Поддержание стабильности в регионе необходимо не только с точки зрения экономических интересов, но и для того, чтобы не нарушать внутренний мир государства. Присутствие мусульманских народов в Синьцзян-Уйгурском автономном районе, в том числе нерешенная оппозиция центральному правительству, создание Исламского Государства Афганистан слишком близки к сфере его влияния, а также их историческое, этническое и, что самое главное, религиозное единство является одной из ключевых проблем для Китая. Китайские лидеры намерены использовать центральноазиатский регион в качестве «буфера» для предотвращения проникновения на их территорию религиозного экстремизма и радикальных движений. Это одна из основных целей в области религиозной безопасности как в двусторонних отношениях, так и в многосторонних отношениях в рамках Шанхайской организации сотрудничества.

Ключевые слова: Центральная Азия, Китай, безопасность, религиозный экстремизм и Афганистан.

Кіріспе

Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа шолу.

Орталық Азия аймағы жаңа геоаяси өзгерістер мен сын-қатерлерге бетпе-бет келіп отыр. Қауіпсіздік саласында беделді, ықпалды ойыншыларға толықтай сенуге болмайтындығы, АҚШ-тың аймақтағы жауапкершіліктерінен бір-жолата бас тартып, мәселелерінді өздерің шешіп алындар дегенге саятын әрекетінен көрініп отыр. Орталық Азия мемлекеттері 1991 жылы тәуілсіздіктерін алғаннан кейін қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық мәселесін Ұжымдық Қауіпсіздік Шартты Ұйымы (ҰҚШҰ) аясында қамтамасыз етуге тырысты. Дегенмен, ҰҚШҰ аймақтағы барлық мемлекеттерді қамти алмады. Өзбекстан Республикасының бұл ұйымға қатысты ұстанымы қайта-қайта өзгеріп отырды. Бір себептен, Орталық Азия

мемлекеттері аймақтағы Ресейдің ықпалы толық сақталуына іштей де болса қарсы еді. Қазақстан Республикасы сыртқы саясатындағы келбетін көпвекторлы, күштер арасындағы теңдік ұстанымдарымен айшықтауының өзі, аймақтағы күштер тепе-теңдігінде де бір ойыншының анық басым болуына қарсы екендігін көрсетсе керек. Осының бәрі, ҰҚШҰ аясындағы Ресей Федерациясының аймақтағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы толыққанды барлық сын-қатерлерді реттей алмайтыны түсінікті еді.

Орталық Азия аймағына аса ыждақаттылықпен қарайтын, өте көп жоспарлары мен мүдделері бар тағы бір ықпалды ойыншы ол – Қытай Халық Республикасы. Ресми Бейжіңнің Орталық Азия аймағына қатысты мемлекеттік деңгейде құжаттармен бекітілген нақты стратегиясы жоқ деп айтуға болады. Бірақ, бұл дегеніңіз «Орталық Азия аймағы Қытай үшін маңызды емес» дегенді білдірмейді. Қытай

өзінің сыртқы саясат тұжырымдарында дипломатия деңгейін үш топқа бөліп: Алып державалар, көрші мемлекеттер және дамушы мемлекеттер деп қарастырады. Орталық Азия мемлекеттері біріншіден «көрші мемлекеттер» санатына, екіншіден «дамушы мемлекеттер» санатына да жатады. Жалпы Қытай дипломатиясы сыртқы дүниеге толық түсініксіз, ешқашан толық нақты анықталмайтын, керек кезінде әр түрлі түсіндіруге болатын өзгеруге бейімділігімен сипатталады. Сыртқы саясатта Орталық Азияға қатысты нақты ұстанымдар көрсетілмегенімен, Қытайдың аймақтағы саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдениет салаларындағы қарқынды жобалары Бейжің үшін аймақтың маңызды екендігін көрсетеді. Әрине Қытайдың аймақтағы ықпалын кешенді түрде бір мақалада қарау мүмкін емес және ол біздің мақсатымызға да жатпайды. Мақаланың негізгі мақсаты Қытайдың Орталық Азия мемлекеттерімен қауіпсіздік саласындағы, соның ішінде діни аспектісі, екіжақты және көпжақты қарым-қатынастар деңгейінде сараптау. Оның артықшылықтар мен кемшіліктерін, Орталық Азия мемлекеттері үшін пайдасы мен қиыншылық туғызар тұстарын анықтап мүмкіндігінше аймақ үшін ұтымды ғылыми тұжырымдар ұсыну болып табылады.

Қытай Халық Республикасының аталған аймақпен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы ең әлсіз тұсы деп айтсақ болады. Қытай аймақта бірінші кезекте экономикалық ықпалын, экономикалық ықпалын арттыру үшін саяси ықпалын арттыруда. Дегенмен, аймақтағы Бейжіңнің экономикалық ықпалының күн санап өсуі, қытай тарапы қаласын қаламасын, аймақтың қауіпсіздік саласына алаңдауға міндеттейді. Орталық Азия мемлекеттері арасында қауіпсіздік саласында ынтымақтастықты қарқынды дамытып келе жатқан мемлекеттер де бар. ҚХР-дың жаһандық және аймақтық жобалары (мәселен: Бір Белдеу – Бір Жол) Қытайдың аймақтағы ықпалы күн санап артпаса, кемімейтіндігін көрсетеді. Олай болған жағдайда, Орталық Азиялық мемлекеттер бірінші кезекте қауіпсіздік саласындағы екіжақты, көпжақты ынтымақтастық деңгейін арттырып, «қытайлық күшті» неғұрлым ұтымды пайдалану жолдарын қарастыруы керек. Осы ретте, тақырыптың өзектілігін анықтау маңызды.

Тақырыптың маңыздылығы, өзектілігі. Орталық Азия өз алдына жеке геосаяси маңызды аймақ ретінде халықаралық қатынастардың ХХІ ғасырдағы жаңа сын-қатерлерімен бетпе-бет келген тұста, аймаққа қатысты жаңаша ғылыми

зерттеулердің барлығы дерлік (пайдалы ғылыми тұжырымдары болған жағдайда) маңызды. Аймақ мемлекеттері алдында шұғыл түрде, тек саяси-экономикалық емес, қоғамның барлық салаларында, соның ішінде академиялық ортада интеграциялану қажеттілігі тұр. Аймақтық ортақ иммунитет қалыптастыра отырып, барлық дерлік аймақтық мәселелерді ұжымдық деңгейде қарастыра бастағанда ғана, келесі нәтижелер ұтымды болмақ. Осы тұрғыдан алғанда, академиялық ортада ортақ тұжырымдар қалыптастыру, сол арқылы аймақтың ортақ мақсаттары мен міндерін айқындауға атсалысуға бағытталғандықтан, мақаланың өзектілігі жоғары.

ХХІ ғасыр басталғалы бері халықаралық қатынастардағы негізгі сын-қатерлердің бірі діни экстремизм және терроризм болып отыр. ХХІ ғасырдың екінші онжылдығы радикалды ұйымдардың ықпалы мен олардың санының күн санап артып келе жатуымен сипатталуда. Лаңкестік ұйымдар әскери қимылдар жасап, соңғы үлгідегі қару-жарақтармен жасалып, мемлекеттік тіпті аймақтық ұйымдар деңгейінде әрекет етіп, керек десеңіз жер шарындағы кейбір маңызды аймақтарды өз бақылауларына ұстай алып отыр. Жаһандық деңгейдегі бұл сын-қатер барлық халықаралық қатынастардың қатысушыларын жаңа қадамдар мен жаңа шешімдер шығаруға мәжбүрлеуде. Ал біздің тақырыпқа тікелей қатысты Орталық Азия аймағы радикалды ұйымдар лаңкестік топтардың нағыз шоғырланған аймағы немесе сол қатерлердің дәл қасында орналасқан. Ресми деректер бойынша, Орталық Азия мемлекеттерінің азаматтары «Ислам мемлекеті» террористік ұйымының қатарын үздіксіз толтырып келеді. Бұл тек бір ғана мысал, бұдан өзге де «Өзбекстан ислам қозғалысы», «Ислам джихады одағы», «Хезболла» және тағы басқа радикалды ұйымдардың қатарында аймақ мемлекеттерінің азаматтары бар. Сонымен қатар, аймақтағы саяси реформалардың баяу немесе нәтижесіз жүргізілуі, аймақ халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы қиыншылықтар және аймақтың барлық мемлекетінің ортақ кемшілігіне айналып отырған – сыбайлас жемқорлықтың жоғары деңгейі сыртқы сын-қатерлердің күш алуына қосымша мүмкіндік беріп отыр.

Орталық Азия мемлекеттері жаңа сын-қатерлерді шешу, реттеу, алдын алу жолында барлық саяси әдіс-тәсілдерді қолдануы керек екендіктерін нақты түсінеді. Орталық Азияның бес мемлекетінің өзара қауіпсіздік саласындағы қарқынды ынтымақтастығы маңызды және

ол туралы аймақтың өз сарапшылары да, халықаралық сарапшылар да түрлі пікірлерді айтып келеді. Орталық Азия мен Ресей арасындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық та жан-жақты қарастырылуда. Бұл ретте әрине ресейлік ғалымдар мен сарапшылардың белсенділігі жоғары және олардың белсенділігі Ресейдің аймақтағы ықпалын арттыра түсу негізгі мақсаты екендігімен түсіндіріледі. Ал Орталық Азия мен ҚХР арасындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық және оның діни аспектілері кешенді түрде академиялық ортада зерттеліп жатқан жоқ. Сондықтан, Қытайдың аймақтағы барлық саладағы ықпалының күн сайын артып келе жатуын ескере отырып, қауіпсіздік саласындағы артықшылықтар мен кемшіліктерді, қиыншылықтар мен кедергілерді анықтаудың және екі тарап үшін де қолайлы ынтымақтастық көкжиегін (перспективасын) белгілеудің ғылыми да, саяси да маңыздылығы жоғары.

Теориялық-методологиялық базасы

Тақырыптың зерттелу деңгейі мен деректік базасы. Тақырыпқа қатысты зерттеулер де ақпараттар да, сараптамалық қорытындылар да жеткілікті. Дегенмен аймақта және аймаққа қатысты ықпал ету шеңберінде қалыптасып отырған жағдайларға байланысты көпшілігі ескі өлшемдер мен көзқарастармен жазылған. Әрине теориялық-концептуалдық тұстары және жалпы ұзақ мерзімді кешенді зерттеулердің маңыздылығы артпаса кемірек емес. Зерттеулердің географиясына қарай, Қазақстандық, Орталық Азиялық, Ресейлік, Қытайлық және жалпы алыс-жақын шетелдік авторлар деп топтастырып қарастыруымыз керек.

Бірінші кезекте Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақ стратегиялық зерттеулер орталығының ғылыми қызметкері М.Т. Лаумулиннің «Шетелдік саясаттану мен әлемдік геосаясаттағы Орталық Азия» деп аталатын 5 томдық монографиялар жинағын атап өткіміз келеді (Laumulin, 2005). Жалпы осы ғылыми еңбек Орталық Азия аймағына қатысты барлық сұрақтарды кешенді түрде, теориялық сараптамамен талдаған. Сонымен қатар, тақырыптың зерттелу деңгейіне қатысты еңбектерді табуға және мазмұнымен танысуға ерекше көмектеседі. Мәселен, Орталық Азия аймағын батыс еуропалық ғалымдардың зерттеуінің алғашқы себепкері болған, М. Шоқайдың «Кеңестік билік астындағы –

Түркістан» еңбегінің ғылыми маңызы туралы мәліметтер алуға болады. М.Т. Лаумулиннің аталған еңбегінің барлық томдары мақала үшін құнды болса, «XXI ғасырдағы Орталық Азия» деп аталатын 5-ші томында Орталық Азияның қауіпсіздік мәселесі, соның ішінде діни экстремизм, лаңкестік радикалды қозғалыстар мәселелері көтерілген (Laumulin, 2009). Дегенмен, еңбек қаншалықты құнды болғанына қарамастан, соңғы томы 2009 жылы жарық көргендігін ескерсек, біздің тақырыбымыздың бүгінгі күнгі өзектілігі мен шешімдерін негіздеуде жаңа еңбектердің, жаңа ғылыми көзқарастардың керектігі сөзсіз.

Зерттеушілердің жаңа буынына тоқталмас бұрын, тағы бір құнды еңбекті атап кетсек. 2006 жылы жарық көрген, «Орталық Азияның Геосаясаты» атты Р. Жұмалының еңбегі тақырыптың теориялық-тарихи аспектілерін салыстырып талдауға мүмкіндік береді (Zhumaly, 2006). Аталған еңбектің соңғы бөлімі «Ислам діні Орталық Азияға саяси ықпал ету факторы ретінде» деп аталады. Аталған бөлімде ислам дінінің аймақтағы маңызы мен дін арқылы келетін (немесе діннің атын жамылып келетін) қауіп-қатерлер туралы жазылған.

Қазақстандық зерттеушілердің ішінде соңғы уақыттарда жазылған бірнеше еңбектерді де атап өтуді жөн санаймыз. Мәселен Е. Полетаевтың (Poletayev, 2018), Р. Изимовтың (Izimov, 2019), Д. Сатпаевтың (Satpayev, 2021) А. Ермекбаевтың (Yermekbayev, 2012) еңбектеріндегі пікірлер тақырыбымыздың ойталқы бөлімінде ғылыми дискуссия тудыруға мүмкіндік береді.

Орталық Азиялық зерттеушілер мен саясаттанушылардың арасынан Б. Сангинов, М. Суюнбаев, Баховадинова, А. Додихудаев, И. Мирсайитов сияқты авторлардың еңбектерінде қауіпсіздік саласында, соның ішінде діни экстремизм, радикалды қозғалыстар және лаңкестік мәселелері көтерілген (Sanginov, 2013; Suyunbaev, 2004; Bakhovadinov, Dodikhudoev, 2005). Қырғызстан Республикасы жанындағы стратегиялық зерттеулер халықаралық институтының бас сарапшысы Икбалджон Мирсайитов өз еңбектерінде Өзбекстандағы Ислам қозғалысы және оның қазіргі жағдайына байланысты талдау жасаған. Аталған автор, өз еңбектерінде Өзбекстан Ислам қозғалысының басқа да діни-экстремистік ұйымдармен байланысын талдаған (Mirsayitov, 2020).

Ресейлік зерттеушілер арасынан Орталық Азия мен Кавказ бойынша тәуелсіз эксперт Зураб Тодуаның «Өзбекстандағы Радикалды ислам: қалыптасу сатылары мен даму болашағы»

атты мақаласында: «Діни экстремистер үшін Өзбекстан аймақтағы ең негізгі басымдық. Егер исламистер осы елге бақылау орната алса, өздері армандаған Ислам Халифатын құруға негіз болатын іргетас қалай алатын еді», – деген пікір білдіреді (Тодиа, 2005). Автордың пікірімен толықтай келісуге болады. Өзбекстан аймақтағы діни қауіпсіздік саласындағы ең көп қатерге жақын тұрған мемлекет екендігі даусыз. Дәл осы мемлекетте аймақтағы ең көп және беделді радикалды ұйымдар тіркелген. Сондықтан да аймақтың қауіпсіздік мәселесі көтерілген уақытта аймақтың қалған мемлекеттері де Өзбекстанға тікелей төніп тұрған қауіп қысқа мерзімде өз территорияларында болатынын түсінуі және нақты шаралар қолдануы керек.

Сонымен қатар, Перм мемлекеттік Ұлттық зерттеу университетінің профессоры Д.С. Плотниковтың «Әлемдік саясат аясындағы Орталық Азия» атты еңбегінде «Орталық Азия аймағындағы діни экстремизм (Өзбекстан, Тәжікстан және Қазақстан мысалында)» атты бөлімінде, біз көтеріп отырған аймақтағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық мәселесі көтерілген (Plotnikov, 2020).

Зерттеу тақырыбымыздың негізгі мақсаттары Қытайдың Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығы мен жоспарлары, оның екі тарапқа пайдасы мен зияны туралы болғандықтан, Қытайлық авторлардың пікірлері аса маңызды. Солардың арасында Фудан университетінің профессорлары Zhao Huasheng, Feng Yujin, сонымен қатар Zhang Deguang сияқты зерттеушілердің еңбектері арқылы Қытайдың аймаққа қатысты көзқарастарын (әрине, академиялық органның сипаттамасы бойынша) анықтауға болады (Huasheng, 2020; Yujin, 2019; Deguang, 2018).

Орталық Азия мен Қытай арасындағы діни қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық бойынша жазылған батыстық ғалымдардың да еңбектері жеткілікті. Қазіргі уақыттағы геосаяси ахуалдан туындап отырған аймаққа деген ерекше назар, академиялық органның да аймаққа қатысты кешенді зерттеулер жүргізуіне ықпал етіп отыр. Мақаламыздағы көзқарастар біржақты ғана болмас үшін, батыстық ғалымдардың да еңбектері қарастырылды. М. Олкоттың «Орталық Азияның екінші мүмкіндігі» атты монографиясы біз үшін маңызды (Olcott, 2005). Себебі, автор Орталық Азияның барлық мемлекеттерінде бірнеше мәрте болған және олардың ғылыми ортасымен әлі де тығыз байланыста. Сондықтан, автордың пікірі – мәселені ішінен білетін, екінші жағынан сыртқы

көзқараспен «батыстық» өлшеммен салыстыра алатындығымен ерекше.

Жалпы алғанда тақырыпқа қатысты зерттеулер жеткілікті. Дегенмен, жаңа сын-қатерлер, аймақтың алдындағы жаңа мүмкіншіліктер мен қиыншылықтар тақырыпты жаңа қырынан қарауды талап етеді.

Теориялық негіздемесі мен зерттеу әдістемесі

Халықаралық қатынастардың қазіргі қалыптасып отырған жаңа тәртіптері мен өлшемдеріне орай, белгілі бір тақырыпты бір ғылыми теория аясында қарастыру қателік болады. Біздің де тақырыпты қарастыру барысында бірнеше дәстүрлі теориялар мен бірқатар жаңа ұстанымдар пайдаланылды.

Орталық Азия аймағы қазіргі уақытта бір жағынан барлық сын-қатерлермен жеке өзі бетпе-бет келіп отырса, екінші жағынан ықпалды ойыншылардың тартыс алаңына да айналып отыр. Қытай тарапы күн өткен сайын аймақтағы ықпалын барлық салаларда күшейтіп, өзінің «ықпал ету» территориясын кеңейтуді, нығайтуды көздесе, Ресей тарапы аймақта қалыптасып отырған жаңа геосаяси ойындарды пайдаланып, әлсіреп бара жатқан аймақтағы ықпалын қайта қалпына келтіруді көздейді. Халықаралық қатынастар теориясы ғылыми бағыт ретінде соғыс пен бейбітшілік мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеу нәтижесінде қалыптасқанын білеміз. Дегенмен, соғыс пен бейбітшілік мәселесінің ең негізгі қозғаушы факторы – күш мәселесіне қатысты дәстүрлі көзқарастар толықтай өзгерді. Осы тұрғыдан алғанда, халықаралық қатынастардағы «күш концепциясы» және «күштер теңдігі» тұжырымдары біздің зерттеу нысанымызды сипаттай алады. Мәселен, танымал қырғызстандық дипломат, сарапшы Қуштарбек Шамшидов Қытайдың күш концепциясын талдай келе, ресми Бейжіңнің негізгі мақсаты – аймақтағы экономикалық және саяси ықпалды толық қалыптастырғаннан кейін, сырттан келетін жаңа сын-қатерлерге аймақты «қалқан» (буфер) ретінде пайдалану деген көзқарасын білдіреді (Shamshidov, 2012).

Фредрих Эберт қорының қолдауымен жарық көрген «Орталық Азияның аймақтануы: Қазақстан стратегиясы» атты зерттеу жұмысында жаңа теориялық тұжырымдар жасалған. Аталған еңбекте И. Корабоев, Қ. Молдашев бірігіп жазған бірінші бөлімінде бұрынғы Орталық Азия бойынша зерттеулер талданып,

өздерінің ерекшелігі ашып көрсетілген. Авторлар аймақтық интеграцияның толықтай дағдарыста екендігін, Қазақстан немесе Өзбекстан, болмаса аталған екі мемлекет бірге жауапкершілікті мойынға алып интеграциялық үдерісті нақты қадамдармен бастамай, сонымен қатар аймақтың басқа мемлекеттері аталған екеудің басымдығына мойынсұнбай, аймақтағы интеграциялық үдерістің дағдарыстан шығуы мүмкін емес екендігін айтады. Авторлардың аймақтық интеграция жүрсін-жүрмесін, «аймақтану» (regionalization) үдерісі жүре беретінін айтады. Авторлардың пікірі бойынша интеграция жасанды құбылыс болса, «аймақтану» табиғи құбылыс (Qoraboyev, Moldashev, 2019). «Аймақтану» құбылысы туралы тұжырымдары, егер Орталық Азия өз бетімен мойындалған табиғи аймақ болса, ортақ мүдде мен ұжымдық қорғану, қиыншылықтар мен мүмкіншіліктерді ұжымдасып атқару мәселелері жаңа көзқарастармен сипатталатыны анық. Осы тұрғыдан алғанда біз үшін жаңа болып табылатын осы тұжырым – біз көтеріп отырған мәселелерді реттеуге, түсінуге, аймақтың өз ішінде жаңаша тәсілмен қадамдар жасауға жол ашады.

Аймақтық қатынастардағы орын алып отырған қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты зерделеуде объективтілік принципі, Халықаралық қатынастарды зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі ретінде жүйелік тәсілі, аймақ мемлекеттерінің сыртқы саяси-экономикалық қатынастарын зерттеуге бағытталған тарихи-сараптамалық әдіс пайдаланылса, зерттеу тақырыбына қатысты деректер мен ақпараттардың сан қырлылығы сыни тұрғыдан талдау, жинақтау және сұрыптау әдістерін қолдануды қажет етті. Аталған әдістер жинақталған мәліметтерді жүйелі пайдалануға, ақпараттарды өзара салыстыру арқылы шынайылық деңгейін арттыруға көмектесті. Мерзімді басылымдардағы ақпараттарды талдауға, авторлардың көзқарастарын бағалауға, баспасөз беттерінде соңғы қалыптасқан пікірлерді жүйелеуге бақылау, контент-анализ әдісі көмектесті.

Ойталқы

Қазіргі таңда халықаралық қауіпсіздік, оның ішіндегі діни аспект күн тәртібіндегі ең өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны сөзсіз. Орталық Азия аймағын осы тұрғыда зерттеу барысында, келесі сұрақтарға жауап беру маңызды болмақ: Орталық Азия аймағында қандай геосая-

си ойындар жүзеге асырылып отыр? Қытай мен Орталық Азияның бес мемлекеті арасындағы көпжақты қарым-қатынастардың даму қарқыны қандай? Орталық Азия аймағындағы діни қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Қытайдың ұмтылысы қандай?

Орталық Азия аймағындағы жаңа геосаяси ойындар. Жалпы 2001 жылғы оқиғадан кейін орын алған Ауғаныстандағы терроризмге қарсы операциялар түбегейлі жаңа геосаяси ойындардың Орталық Азия аймағына ығысуына алып келді. М. Лаумуллиннің пікірінше, Орталық Азиядағы бұл ойындар біріншіден, ірі геосаяси ойыншылардың жаһандық сипаттағы өзара қатынастарына; екіншіден, ірі геосаяси күш орталықтарының Орталық Азия елдерімен қарым-қатынастарына; үшіншіден, ірі (АҚШ, РФ, ҚХР, ЕО) және орта, аймақтық (Үндістан, Иран, Пәкістан, Түркия) геосаяси ойыншылардың өзара қатынастарына: оның ішінде өзара және Орталық Азиядағы геосаясат шеңберінде; төртіншіден, Орталық Азия елдерінің саясаты мен қарым-қатынастарына, оның ішінде өзара және ірі және аймақтық ойыншылармен қатынастарына әсер етті (Laumulin, 2009).

Бұл кезеңде Орталық Азиядағы ішкі және сыртқы геосаяси жағдайға тікелей және жанама түрде әсер еткен факторлар болды. Атап айтсақ, АҚШ-пен оның одақтастары қатысуымен орын алған Ауғаныстан мен Ирактағы әскери шиеленістер; Таяу Шығыстағы жағдай; халықаралық терроризммен күрес; ОПЕК-тің мұнай саясаты; ірі транспорттық және коммуникациялық жобалар (Қазақстан-Қытай құбыры, Баку-Тбилиси-Жейхан, Ресей-Жапония және т.б.); аймақтағы интеграциялық саясат.

2000 жылдары Қытайдың аймақта бақылаушы емес, көшбасшы болуға ұмтылысы байқалды. ШЫҰ шеңберіндегі Ресей, Орталық Азия елдері мен Үндістан, Иранмен қарым-қатынастарын қалыптастыру жаңа геосаяси қадамының көрінісі болды. Қытайдың бұл кезеңге дейінгі қысқа және ұзақ мерзімді геосаяси тактикаларын қарастыратын болсақ, 1990 жылы Дэн Сяопин жариялаған «24 иероглиф стратегиясы» атты Қытайдың геосаяси тактикасында Қытайдың «...байсалдылық сақтау; өз ұстанымдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, іс-әрекеттерін теңгерімді жүргізу; өз мүмкіндіктерін жасыру және оңтайлы уақытты пайдалану; айтарлықтай байқалмауға тырысу; және ешқашан көшбасшылықты талап етпеу» деген қағидаттары көрсетілген. Қырғыз ғалымы, дип-

ломаты Куштарбек Шамшидовтың пікірінше, «24 иероглиф стратегиясы» Қытай тарихының басым бөлігіне сәйкес келмейтіндігін, ол «Фенг-гонг» жүйесіне («салық төлеу») көбірек негізделгенін, осыған сәйкес көрші мемлекеттермен байланыс орнатып, уақыт өте келе оларды экономикалық тәуелді студі көздеген. Көрші мемлекеттің экономикалық тәуелділігіне қол жеткізгеннен кейін, «Қытай императорлық сарайы да саяси ықпалға ие болып, бұл елді өз территориясын сыртқы күштерден қорғау үшін буферлік аймақ ретінде пайдаланды (Shamshidov, 2012). Бұл стратегия-1990 «әлемдік социалистік жүйенің» ыдырайын деп тұрған тұсындағы қысқа мерзімге арналып, уақытша қабылданғанын және ұзақ тарихи дәуірдегі Қытайдың халықаралық саясатының негізіне айналуға мүлдем есептелмегенін атап өту керек. Оның үстіне қарқынды дамып келе жатқан мемлекеттің халықаралық жүйедегі мәртебесін арттыру амбициясының күшейетіні де ақиқат.

Халықаралық қатынастар жүйесінде Қытай белгілі қағидаларға негізделген прагматикалық саяси бағытты ұстанады: өзге елдердің ішкі мәселелеріне араласпау, тиімді экономикалық ынтымақтастықты дамыту және өз беделін көтеру. Қытайдың халықаралық саясатында «үш зұлымдық» – лаңкестік, экстремизм және сепаратизммен күресетіндігі айқындалған.

Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы көпжақты қатынастар. Сарапшы Раффаэлло Пантуччидің (Pantucci, 2021) пікірінше, Қытай Орталық Азиядағы тактикасын өзгертуі, өз кезегінде Орталық Азияда жаңа геосаяси ойындарды тудыруда. Орталық Азияның ҚХР үшін стратегиялық қалқан, «ресурстық белдеу» және сату нарығы ретіндегі шешуші рөліне қоса, ҚХР елдің Орталық Азияны сыртқы діни қауіптерден қорғайтын буфер ретінде қарастыратынын атап өткен жөн.

Алайда, мұндай түсініктер Си Цзиньпин соңғы жылдары белсенді түрде құрып жатқан күшті Қытай бейнесімен жақсы үйлеспейді. Бейжіңнің Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелеріне араласа бастағаны кеше емес, дегенмен қазіргі таңдағы оның әрекеттері сапалы жаңа деңгейге көтерілуде. Осы уақытқа дейін Ауғаныстанда Қытайдың барлау қызметтері жергілікті қауіптердің Қытайға өтіп кетуіне жол бермеумен айналысты (Pal Dunei, 2020). Қытай инвестициясының арқасында Тәжікстан Ауғаныстанмен шекаралық бекеттерін нығайтты, Пәкістан Гилгит-Балтистан аймағындағы шекара әскерлерін нығайтты,

Ауғаныстан армиясы Қытайды Ауғаныстанмен байланыстыратын Вахан дәлізіне кіре беріске жақын жерде база салуда. Қытайдың халық қарулы жасақтары (武警) тіпті Тәжікстанда және қауесеттерге сәйкес, Ауғаныстанда лаңкестікке қарсы өз базаларына ие болды. Мұның бәрін қытайлықтардың аймақтағы агрессивті әскери экспансиясы деп атауға болмайды. Керісінше, Бейжіңнің мұндай әрекеттері ауған проблемалары мен қауіп-қатерлердің шекара арқылы көршілес елдерге, соның ішінде Қытайға таралуын болдырмауға бағытталған. Қытай басқа мәселелерде де батылдық танытуда. Өткен жылы Қырғызстанның жаңа сыртқы істер министрі Руслан Қазақбаевпен алғашқы кездесуінде Қытайдың Бішкектегі елшісі Ду Дэвэнь (杜德文) Қытай азаматтары мен компанияларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қырғыз билігінің басты міндеті болу керек деп мәлімдеді.

Орталық Азиядағы ұйғырлар Бейжің үшін көптен бері өзекті мәселеге айналып отыр. 2001 жылы Шанхай ынтымақтастық ұйымы құрылған кезде оның басты мақсаттарының бірі «зұлымдықтың үш күшімен» (терроризм, экстремизм және сепаратизм) күресу болды. Бұған дейін, 1994 жылы «Бір белдеу – бір жол» идеясы кейіннен өрбіген аймаққа әйгілі гастрольдік сапарында Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің сол кездегі басшысы Ли Пэн (李鹏) әр сөзінде ұйғырлар мәселесін тілге тиек етіп отырды.

Орталық Азияның Қытайға экономикалық тұрғыдан тәуелділігі және Бейжің мен аймақ елдері арасында саяси келісімділік бар. Ресей қауіпсіздік саласында стратегиялық серіктес болғандықтан Қытай дәстүрлі ықпал ету жолынан шықпауға тырысады деген пікір басым. Ал Орталық Азия әскери тауарлар нарығына шағын аймақ болғанымен, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан Ұжымдық қауіпсіздік шарт ұйымына (ҰҚШҰ) мүше, Өзбекстанның Ресеймен арнайы келісімдері бар. Бұл төрт мемлекет ресейлік қару-жарақ пен техниканы Ресейдің ұлттық бағасымен сатып ала алады, бұл басқа экспорттаушылар арасындағы бәсекені іс жүзінде жоққа шығарады. Дегенмен, соңғы онжылдықтарда Қытай қуаты артқандықтан, Орталық Азия елдерімен әскери сатып алулар саласында да қарым-қатынастар желісін нығайтуда.

Қытай Орталық Азия аймағымен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастығын да кеңейтті. Бірлескен әскери оқу-жаттығулар саны өсуде, негізінен Қытай ортақ шекарасы бар үш елдің: Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның қатысуымен жаттығулардың бір бөлігі Шан-

хай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) аясында өтті. Сондай-ақ Қытай Тәжікстанның Таулы Бадахшан аймағында Қытай және Ауғанстан шекарасына жақын жерде база құрды, оның аумағында бірқатар оқу орталықтары мен командалық бөлімшелер салынды. Тиісті келісімге екі елдің үкіметтері 2016 жылы қол қойған. Нысан Қытай инвестициясына салынған және Қытай Халық қарулы полициясының бөлімшелері қызмет ететін шекара бекеті болып саналады. Бұл бекет Қытайды Бейжің Орталық Азияға басты сыртқы әскери қауіп деп санайтын Ауғанстан туралы ақпарат береді және ауған лаңкестерінің Тәжікстан арқылы Қытайға өтуіне жол бермейді. Қытайдың қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа басымдылығын прагматикалық деп сипаттауға болады. Экономикалық мүдделерден басқа, Қытай Орталық Азия елдерінің оның қауіпсіздігіне, «әлсіз» аймақтарына тікелей әсер етуі мүмкін басқа салаларға баса назар аударады. Ағымдағы тенденцияларды ескере отырып, Қытай географиялық жақындық, экономикалық асимметрия және өз ықпалын арттырумен қатар, Орталық Азия елдерінде өз бекеттері мен бөлімшелерін орнату мен лаңкестікке базалар салу сияқты әрекеттері діни саладағы өз қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қадамдары деп қорытынды жасауға болады.

Қорытынды

Орталық Азия аймағы үшін, аймақтағы мемлекеттер үшін және Қытай Халық Республикасы үшін де діни қауіпсіздік мәселесі аса маңызды. Аймақтағы қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне, тұрақтылықтың сақталуына барлық қатысушылар мүдделі. Дегенмен, әр тарап өз мүддесі тұрғысынан қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты өзіне ыңғайлы бағдарда дамығанын қалайды және сол үшін нақты қадамдарға барады. Осы тұстағы маңызды дүние – аймақ мемлекеттері сыртқы факторларды, «қытай факторын» ұтымды пайдалануы керек. Яғни мәселеге тек бір жақты қарап, аймақтағы Қытай ықпалының артуын, жасырын «қытай экспанциясы» деп үрке қарап, оның мүмкіншіліктеріне шектеу қойғаннан қарағанда, Қытай Халық Республикасы Орталық Азияның тарихи көршісі және оның аймақта болуы табиғи құбылыс, аймақ қауіпсіздігі үшін жасалып жатқан жоспарларының екі тарап үшін де пайдалы тұстары бар деген жаңа көзқарастар маңызды.

Орталық Азия аймағын қытайдың сыртқы қауіптерден, әсіресе үш кесел «діни экстремизм, лаңкестік және сеператизмнен» қорғай алатын «қалқан» немесе «сүзгі» ретінде пайдалану туралы мақсаты бар екендігін сарапшылардың пікірімен де, мақала барысындағы тұжырымдармен де дәйектедік. Ақпаратты бірінші қабылдағанда аймақтың басқа бір мемлекет мүддесі үшін «қалқан» болатындығы қарсылық тудыраы анық. Себебі, «қалқан» ретінде көрудің артында, Қытай Халық Республикасы өркениет орталығы және оның айналасындағылар сол өркениеттің ықпал ету аймағында деген пікірлер жатуы мүмкін. Аймақ мемлекеттері бұл тұжырымды жоққа шығара отырып, Орталық Азия жеке географиялық аймақ ретінде басқа бір өркениеттің орталығы және ешбір басқа өркениеттер ықпалына тәуелді емес деген көзқарастар айтары анық. Бірақ, біздің пікіріміз бойынша, Қытайдың аймақты қалай пайдаланғысы келетіндігі емес, сол мақсатқа жету жолында қандай қадамдарға баратыны маңызды. Яғни, тіпті «қалқан» ретінде пайдалану үшін де белгілі бір саяси қадамдар жасап, экономикалық шығындар шығарары анық. Олай болған жағдайда, аймақ мемлекеттері бірінші кезекте ұжымдық тұтастықты қалыптастыра отырып, «қытай күшін» аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында ұтымды пайдалану жолдарын табуы керек.

Осы тұрғыдан алғанда, аймақ мемлекеттері екіжақты қатынастарда да, көпжақты қатынастарда да ҚХР-мен тығыз ынтымақтастық орнатуы керек. Біз екіжақты қатынастарды және көпжақты қатынастарды арнайы ашып көрсетіп отырмыз. Себебі, аймақта ұжымдық «иммунитет» жоқ немесе өте әлсіз. Яғни, аймақтағы интеграциялық үдеріс толықтай дағдарыста. Әрине, қалыптастып отырған жағдай аймақтың интеграциялық үдерісін жылдамдатуы мүмкін, бірақ ол үдеріс бәрібір белгілі бір уақыт жоғалтуды талап етеді. Ал ҚХР-мен қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық кезек күттірмейтін мәселе. Сондықтан, аймақтағы интеграцияны неғұрлым жылдамдата отырып, бұл үдеріспен қатар, екіжақты ынтымақтастық аясында, аймақ мемлекеттерінің әрқайсысы ҚХР-мен қауіпсіздік саласындағы байланысты тереңдете беруі керек. Әрине, екіжақты қарым-қатынастың бір кемшілігі кейбір келісімдер мен қатынастар нәтижесінде белгілі бір мемлекет аймақтың жалпы ортақ мүддесіне қайшы қадамдарға жол беріп қоюы мүмкін. Осы ретте, аймақ басшыларының ұзақ мерзімді интеграциялық үдерістің маңызын түсіне отырып, қысқа мерзімде негізгі аймақ үшін

маңызды стратегиялық мүдделерді анықтап алуы керек.

Аймақтағы интеграция толықтай дағдарыста дегенімізге қарамастан, ҚХР қатысуымен ШЫҰ аясында интеграциялық үдеріс дамуда. Бір кемшілігі аймақ мемлекеттері интеграцияға тек сыртқы қатысушылардың жетегімен ғана баруы. Орталық Азия+1 формуласы аясында. Дегенмен, ШЫҰ аймақтың ұжымдық мүдделерін қорғауда қазіргі уақыттағы ең ұтымды платформа екендігін толықтай түсініп, осы ұйым жұмысы аясында көпжақты қатынастардағы қауіпсіздік саласын күн тәртібіндегі кезек күттірмес мәселелер деңгейіне көтеру керек.

Қорыта келгенде, аймақтың қауіпсіздік саласындағы ұжымдық бірлестігі, оның ішінде діни қауіпсіздік саласындағы мәселелер аса маңызды. Орталық Азия мемлекеттері жаңа сын-қатерлерді шешу, реттеу, алдын алу жолында барлық саяси әдіс-тәсілдері қолдануы керек екендіктерін нақты түсінеді. Ал аймақ үшін кезек күттірмейтін ең негізгі келесі кадам – аймақтың бес мемлекеті басқа ешбір қатысушысыз жеке аймақтық ұйым құруы керек:

«Орталық Азия мемлекеттер ұйымы» (ОАМҰ),

«Organization of Central Asian countries» (ОСАС).

Әдебиеттер

Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и Мировой геополитике. Том 1: Центральная Азия и Казахстан в современной политологии. – Алматы, 2005. – 704 с.

Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и Мировой геополитике. Том 3: Геополитика и международные отношения (вторая половина XX – начало XXI вв.). – Алматы, 2009. – 280 с.

Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и Мировой геополитике. Том 5: Центральная Азия в XXI столетии. – Алматы, 2009. – 440 с.

Жумалы Р. Геополитика Центральной Азии. – Алматы, 2006. – 515 с.

Полетаев Э. Как будет жить Центральная Азия в ближайшее время? // <https://365info.kz/2018/04/kak-budet-zhit-tsentral-na-ya-aziya-v-blizhajshee-vremya-poletaev-2>

Изимов Р. О стратегии Китая в Центральной Азии: анализ новых подходов и трендов// https://www.caa-network.org/archives/17410_2019

Сагпаев Д. К чему готовиться Казахстану после захвата талибами Кабула? // <https://rus.azattyq.org/a/afghanistan-under-taliban-rule-the-future-of-kazakhstan-central-asia/31413433.html>

Yermekbayev, A. (2019). Суть и понятие политического ислама в науке и истории региона // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 38(1), 213-218. Получено с <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/985>

Akimbekov S. (2015) «Choice of the year» // Center of Asia. January/February. 1 (95), 8.

Alexandrov I. (2003) Uzbekistan in the system of the Central Asian regional geopolitics // Center for Geopolitical Expertise. Retrieved from http://cge.evrazia.org/sng_3.shtml 29.01.2003

Sanginov B. (2013) The Ferghana factor and security in Central Asia // Information and analytical portal «Geopolitics». Retrieved from <http://www.geopolitica.ru/article/ferganskiy-faktor-i-bezopasnost-centralnoy-evrazii#.YyiN8MZk9Yw>

Suyunbaev M. (2004) Geopolitical peculiarities of Kyrgyzstan: internal and external aspects // Center of Asia. Retrieved from <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1088993280>

Баховадинов А., Додихудоев Х. Геополитические ориентиры Таджикистана. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/geopoliticheskie-orientiry-tadzhikistana> (дата обращения: 4.08.2020)

Богатуров А., Дундич А., Троицкий Е. Центральная Азия «отложенный нейтралитет» и международные отношения в 2000-х годах. URL: <http://www.obraforum.ru/pdf/broshura4.pdf> (дата обращения: 4.08.2020)

Мирсайитов И. Исламское движение Узбекистана: этапы развития и современное состояние. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/islamskoe-dvizhenie-uzbekistana-etapy-razvitiya-i-sovremennoe-sostoyanie> (дата обращения: 4.08.2020)

Олкотт М. (2005). Второй шанс Центральной Азии. URL: http://carnegieendowment.org/files/9429CentralAsia_book-full_text.pdf (дата обращения: 4.08.2020)

Тодуа З. (2005). Радикальный исламизм в Узбекистане: этапы становления и перспективы развития. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/radikalnyy-islam-v-uzbekistane-etapy-stanovleniya-i-perspektivy-razvitiya> (дата обращения: 4.08.2020)

Плотников Д.С. Центральная Азия в контексте мировой политики. – Пермь, 2020, 95 с.

Feng Yujin. China's strategy toward Central Asia: interests, principles and policy tools. Vestnik of Saint Petersburg University. International Relations, 2019, vol. 12, issue 1, pp. 23–39. <https://doi.org/10.21638/11701/spbu06.2019.102>

Zhang Deguang: Shi Shanghezuzhi wei «Dongfang de beiyue» wu renhe genju [Groundless to View the SCO as the NATO in the East]. Available at: <http://china.rednet.cn/c/2006/06/02/906235.htm> (accessed:01.12.2018). (In Chinese)

Zhao Huasheng, (2020) Central Asia in Chinese Strategic Thinking// In book: The New Great Game. doi:10.1515/9780804797641-012

Shamshidov K. (2012). Подход Китая к мультилатерализму в контексте его отношений со странами Центральной Азии. Центральная Азия и Кавказ. Том 15. Выпуск 4.

Ikboljon Qoraboyev, Kairat Moldashev (2020) Предыдущие исследования по Центральной Азии и отличие нашего подхода // Project: Regionalisation in Central Asia

Raffaello Pantucci (2021) How China is building up its power influence in Central Asia. URL: <https://carnegie.ru/commentary/83949> (дата обращения: 27.02.2021)

Пал Дуней (2020). Последствия для евроатлантического миропорядка. URL: <https://perconcordiam.com/ru> (дата обращения: 18.09.2021)

References

Laumulin, M. (2005). Central Asia in foreign political science and world geopolitics. Volume 1, Central Asia and Kazakhstan in modern political science. Almaty, 2005, 704 pp.

Laumulin, M. (2009). Central Asia in foreign political science and world geopolitics. Volume 3, Geopolitics and international relations (second half of XX - early XXI centuries), Almaty, 2009, 280 pp.

Laumulin, M. (2009). Central Asia in foreign political science and world geopolitics. Volume 5, Central Asia in the XXI century, Almaty, 2009, 440 pp.

Zhumaly, R. (2006). Geopolitics of Central Asia. Almaty, 2006, 515 p.

Poletaev, E. How will Central Asia live in the near future? // <https://365info.kz/2018/04/kak-budet-zhit-tsentralnaya-aziya-v-blizhajshee-vremya-poletaev-2>

Izimov, R. (2019). On China's Strategy in Central Asia: Analysis of New Approaches and Trends // <https://www.caa-network.org/archives/17410-2019>

Satpayev, D. What should Kazakhstan prepare for after the Taliban capture Kabul? // <https://rus.azattyq.org/a/afghanistan-under-taliban-rule-the-future-of-kazakhstan-central-asia/31413433.html>

Yermekbayev, A. (2019). The essence and concept of political Islam in the science and history of the region. KazNU Bulletin. Series of Philosophy, Culturology and Political Science, 38 (1), 213-218. Retrieved from <https://bulletin-philospolit.kaznu.kz/index.php/1-pol/article/view/985>

Akimbekov, S. (2015). Choice of the year // Center of Asia. January / February. 1 (95), 8.

Alexandrov, I. (2003). Uzbekistan in the system of the Central Asian regional geopolitics // Center for Geopolitical Expertise. Retrieved from http://cge.evrazia.org/sng_3.shtml 01/29/2003

Sanginov, B. (2013). The Fergana factor and security in Central Asia // Information and analytical portal "Geopolitics". Retrieved from <http://www.geopolitica.ru/article/ferganskiy-faktor-i-bezopasnost-centralnoy-evrazii#.VyiN8MZk9Yw>

Suyunbaev, M. (2004). Geopolitical peculiarities of Kyrgyzstan: internal and external aspects // Center of Asia. Retrieved from <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1088993280>

Bakhovadinov, A., Dodikhudoev, H. Geopolitical landmarks of Tajikistan. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/geopoliticheskie-orientiry-tadzhikistana> (date accessed: 4.08.21)

Bogaturov, A., Dundich, A., Troitskiy, E. (2021) Central Asia "deferred neutrality" and international relations in the 2000s. URL: <http://www.obraforum.ru/pdf/broshura4.pdf> (date accessed: 4.08.2021)

Mirsayitov, I. (2021) Islamic Movement of Uzbekistan: stages of development and current state. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/islamskoe-dvizhenie-uzbekistana-etapy-razvitiya-i-sovremennoe-sostoyanie> (date accessed: 4.08.2021)

Olcott, M. (2005) Second Chance of Central Asia. URL: http://carnegieendowment.org/files/9429CentralAsia_book-full_text.pdf (date accessed: 4.08.2021)

Todua, Z. (2005) Radical Islamism in Uzbekistan: Stages of Formation and Development Prospects. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/radikalnyy-islam-v-uzbekistane-etapy-stanovleniya-i-perspektivy-razvitiya> (date accessed: 4.08.2021)

Plotnikov, D. (2020). Central Asia in the context of world politics, Perm, 2020, 95 p.

Feng, Yujin. (2019). China's strategy toward Central Asia: interests, principles and policy tools. Vestnik of Saint Petersburg University. International Relations, 2019, vol. 12, issue 1, pp. 23–39. <https://doi.org/10.21638/11701/spbu06.2019.102>

Zhang, Deguang (2018): Shi Shanghezuzhi wei "Dongfang de beiyue" wu renhe genju [Groundless to View the SCO as the NATO in the East]. Available at: <http://china.rednet.cn/c/2006/06/02/906235.htm> (accessed: 12/01/2018). (In Chinese)

Zhao, Huasheng, (2020). Central Asia in Chinese Strategic Thinking // In book: The New Great Game. doi: 10.1515 / 9780804797641-012

Shamshidov, K. (2012), China's Approach to Multilateralism in the Context of Its Relations with Central Asian Countries. Central Asia and the Caucasus. Volume 15. Issue 4.

Qoraboyev Ikboljon, Kairat Moldashev (2020) Previous studies on Central Asia and the difference in our approach // Project: Regionalization in Central Asia

Raffaello Pantucci (2021) How China is building up its power influence in Central Asia. URL: <https://carnegie.ru/commentary/83949> (date of access: 27.02.2021)

Pal Dunei (2020). Implications for the Euro-Atlantic world order. URL: <https://perconcordiam.com/ru> (date accessed: 18.09.2021)